

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ
КОМИССИЯСЫ**

**«Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға бөлінген
бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу»
аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**ШЫМКЕНТ
2025 жыл**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: _____
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: _____
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: _____
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: _____

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау: _____
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері: _____
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе): _____ (болған жағдайда)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: _____
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар: _____
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар: _____
- 3.4. Қосымша: (____парақ) Мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі.

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу»

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігі мен түпкілікті нәтижеге қол жеткізілуіне мемлекеттік аудит жүргізу».

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – *Басқарма*).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2023-31.12.2024 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

кіріспе: Шымкент қаласының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің ішінде құрылыс саласы бойынша 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылдың қорытындысы едәуір артқан қарқыны байқалады, олар:

Көрсеткіштер	2023ж.	2024ж.	2024ж. 2023 жылға, /%/
Құрылыс жұмыстарының көлемі, /млн.тенге/	261 154,5	310 897,3	114,0
Тұрғын үйлерді іске қосу, /мың ш.м./	1 083,9	1 366,8	126,1

Құрылыс жұмыстарының көлемі 2023 жылы 261,2 млрд. теңгені құраса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 310,9 млрд. теңгені құрап немесе 14,0%-ға артқан. Қаланың республикадағы үлесі 3,5%. Құрылыс жұмыстарының артуы инженерлік инфрақұрылым, жолдарды қайта құру, тұрғын үйлердің құрылыстары есебінен орын алған.

2023 жылмен салыстырғанда құрылыс–монтаж жұмыстарының көлемі 12,7%-ға, күрделі жөндеу бойынша жұмыстар 39,9%-ға, ағымдағы жөндеу жұмыстар 13,1%-ға артқан.

Аудиторлық іс-шарамен 373 017 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және жайластыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша қамтылған бюджет қаражаты 12 857 320,0 мың теңгені құрайды, оның ішінде 2023 жылы 6 923 773,0 мың теңге (оның ішінде 015 «Жергілікті бюджет есебінен» кіші бағдарламасының 431 ерекшелігі бойынша 3 686 765,0 мың теңге және 432 ерекшелік бойынша 1 644 265,0 мың теңге, 032 «ҚР Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасының 1 592 743,0 мың теңге), 2024 жылы 5 933 547,0 мың теңге (оның ішінде 011 «Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен» кіші бағдарламасының 431 ерекшелігінен 1 000 000,0 мың теңге, 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» кіші бағдарламасының 165

ерекшелігінен 13 733,0 мың теңге, 431 ерекшеліктен 2 329 737,0 мың теңге, 432 ерекшеліктен 129 228,0 мың теңге, 032 «ҚР Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасының 165 ерекшелігінен 940,0 мың теңге, 431 ерекшеліктен 2 459 909,0 мың теңге). Жылдар бөлінісінде бюджеттік бағдарлама бойынша қаржылар төмендегіше:

/мың теңге/						
Бюджеттік бағдарлама	Кіші бағдарлама	ерекшелік	атауы	2023ж.	2024ж.	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
017			«Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және жайластыру» бюджеттік бағдарламасы	6 923 773,0	5 933 547,0	12 857 320,0
	011		«Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен» кіші бағдарламасы		1 000 000,0	1 000 000,0
		431	«Жаңа объектілер салу және қолда бар объектілерді реконструкциялау» ерекшелігі		1 000 000,0	1 000 000,0
	015		«Жергілікті бюджет есебінен» кіші бағдарламасы	5 331 030,0	2 472 698,0	7 803 728,0
		431	«Жаңа объектілер салу және қолда бар объектілерді реконструкциялау» ерекшелігі	3 686 765,0	2 329 737,0	6 016 502,0
		432	«Жол құрылысы» ерекшелігі	1 644 265,0	129 228,0	1 773 493,0
		165	«Атқарушылық құжаттарды, сот актілерін орындау шығындары» ерекшелігі		13 733,0	13 733,0
	032		«ҚР Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен» кіші бағдарламасы	1 592 743,0	2 460 849,0	4 053 592,0
		431	«Жаңа объектілер салу және қолда бар объектілерді реконструкциялау» ерекшелігі	1 592 743,0	2 459 909,0	4 052 652,0
		165	«Атқарушылық құжаттарды, сот актілерін орындау шығындары» ерекшелігі		940,0	940,0

Басқарманың мақсаты Шымкент қаласы аумағында құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру. Қызметінің бағыты бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асырады, яғни жаңа нысандардың құрылысын жүргізу, әрекеттегі нысандарды реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу, қала құрылысы, сәулет-құрылыс және өзге де жобалау (жобалық-сметалық) құжаттаманы белгіленген тәртіппен әзірлеу, келісу, сараптамадан өткізу, бекіту және өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген.

Басқарманың мәліметіне сәйкес 2023 жылы 19 жобаның құрылысы жоспарға сәйкес жүргізіліп (179,57шк), оның ішінде 6 жоба пайдалануға берілген (85,86шк), 2024 жылы 13 жобаның құрылысы жүргізіліп (137,6шк), оның ішінде 7 жоба пайдалануға (122,59шк) берілген (ескерту: 2024 жылға жоспарланған 13 жоба 2023 жылдан өтпелі болған), жалпы 13 жоба қабылданған.

Аудит барысында 2025 жылғы 4 қыркүйектегі №41 мемлекеттік сатып алу шартының негізінде сарапшы маман тартылып, сарапшы маманмен 2023-2024 жылдары пайдалануға қабылданған 13 нысан бойынша жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес әзірлеменің негізділігі, орындалған жұмыстарды қабылдау актілерінің (№2, №3 нысандары) дұрыстығы, жобалау-сметалық құжаттамаларға және орындалған жұмыстарды қабылдау актілеріне сәйкес іс

жүзінде орындалған жұмыстардың сәйкестігі мәселелері қаралып, нәтижесінде орындалмаған жұмыстар мен сәйкес келмейтін көлемдер анықталды.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Жалпы бұзушылықтар саны 41 тармақ, оның ішінде қаржылық бұзушылық 16 бірлік, тиімсіз жоспарлау 2 бірлік, тиімсіз пайдалану 2 бірлік, бюджеттің ықтимал шығындары мен жіберіп алған пайда 2 бірлік, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың саны 19 бірлікті, оның ішінде жүйелі кемшіліктер 2 бірлікті құрады.

Аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған жалпы бұзушылықтар сомасы 18 975 497,2 мың теңгені құрады, оның ішінде қалпына келтірілетін қаржылық бұзушылықтар көлемі 16 017 144,1 мың теңге, 2 664 335,0 мың теңге тиімсіз жоспарланған және 264 829,3 мың теңге тиімсіз пайдаланылған. Атап айтқанда:

Жалпы 15 532 077,0 мың теңгені құрайтын пайдалануға қабылданған 13 нысанды құрылысы аяқталып іске қосылған негізгі нысандар ретінде «1С бухгалтерия» бағдарламасында «Аяқталмаған құрылыс» 2411 шотына тіркелген, «Негізгі құралдар» 2300 шотына тіркелмеген, теңгерімге алынбаған, жауапты мекеменің теңгеріміне өткізілмеген. Бұл ретте, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Қазақстан Республикасының Заңының 17-бабы 3-тармағының және 199-бабының, сондай-ақ «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығының 90-11-тармағының, 236-тармағының, 237-тармағының, 240-тармағының, 243-тармағының, 248-тармағының, 250-тармағының, 275-тармағының, 280-тармағының, «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығының 3-тармағының, 7-тармағының және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Қазақстан Республикасы Кодексінің 238-бабының 1-тармағының талаптары сақталмаған, нәтижесінде әкімшілік жауапкершілікке тарту қарастырылған;

Келісім шарттардың талаптарын орындамай мерзімінен кешіктіргені үшін 3 170,9 мың теңгені құрайтын тұрақсыздық айыппұл аудит барысында бюджетке өтелді. Басқарма тарапынан 2023 жылы кешіккен күндері үшін салынған барлығы 26 017,9 мың теңге айыппұл мердігер «Build Stroi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі банкрот деп танылуына байланысты өндірілмеген, яғни бюджетке түспей қалған жоғалған қаржыны құрайды;

Сарапшы маманмен 2023-2024 жылдары пайдалануға қабылданған 13 нысанға жүргізілген инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдардың жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес қабылдану заңдылығы мен нормаларға, талаптарға сәйкестігіне жасалған сараптамалық қорытындысымен барлығы 485 067,1 мың теңгені құрайтын бұзушылықтар анықталды, яғни қалпына келтіруге жатады. Нысанды пайдалануға қабылдау актісімен қабылданғаннан кейін келісім шарт негізінде мердігер тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті 5 жыл мерзіміне берілген.

Сондай-ақ, Басқарма тарапынан 2025 жылғы 21 қарашадағы №19-05-05/2660 және №19-05-05/2675 санды шығыс хаттармен аудиторлық есептегі 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-тармақтардағы анықталған бұзушылықтар барлығы 485 067,1 мың теңгенің ішінен сомасы 308 530,8 мың теңгеге қалпына келтіріліп (басқармада 20.11.2025ж. №11 хаттама түзілген) жұмыстардың орындалуына байланысты аудиторлық іс-шара нәтижесінің аудиторлық қорытындысын қарау барысында бірқатар жұмыстардың қалпына келтірілгенін, ал қалған орындалмаған сомасы 176 537,0 мың теңгеге жұмыстарды орындауды ауа-райының қолайсыздығы және уақыттың қажеттілігіне байланысты қалпына келтіруге Басқарма жауапкершілігіне алып 2026 жылдың 1 сәуірге дейін мерзім сұраған. Сонымен бірге, 2025 жылғы 23 қазандағы аудиторлық есептегі 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-тармақтардағы жұмыстардың бірқатары ішінара қалпына келтіріліп, нәтижесінде орын алған бұзушылықтар бойынша жауапты мамандармен жүргізілген түсіндірме жұмыстары және міндеттемелерді жүктеу бойынша 07.11.2025ж. №10 хаттама түзілген. Ал, жіберілген кемшіліктерге жол бергені үшін басқарма басшысының орынбасары Е.Ажибаевқа (10.11.2025ж. №162 бұйрық) және тұрғын үй құрылысы бөлімінің бас маманы Ш.Жиенбековке (10.11.2025ж. №163 бұйрық) «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылғаны туралы Басқарма тарапынан хатпен хабарланды.

Жалпы 264 829,3 мың теңге тиімсіз пайдаланылған, атап айтқанда 2023 жылы Басқарма тарапынан «Build Stroi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне «Тұран шағын ауданындағы 25 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелері» нысаны бойынша 93 149,7 мың теңге және «Тұран шағын ауданындағы 26 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелерінің құрылысы (құрылысын аяқтау)» нысаны бойынша 171 679,6 мың теңге аванс есебінен алдын ала төлем жасалып, барлығы 264 829,3 мың теңгеге жұмыстардың орындалмау себебінен дебиторлық берешек қалыптасқан. Нәтижесінде «Build Stroi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сот шешімімен банкрот деп танылуына байланысты, аталған екі құрылыс нысандарын аяқтау мақсатында «Арыс құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Монолит-Дизайн-2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қаржы мәслихат шешімімен бюджеттен қайта қаралған, яғни тиімсіз пайдаланылған. Ал, барлығы 31 776,6 мың теңге 2025 жылғы қаржы жылына қойылған қаржылар есебінен жабылған. Басқарма тарапынан алдын ала төлем жасауға жол беріліп дебиторлық берешектердің қалыптасуына мамандар өз міндеттеріне жауапкершілік танытпаған.

Аудитпен қамтылған 373 017 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджеттік өтінімдер сапалы жасалмау салдарынан жалпы бюджетті нақтылау барысында бастапқыда қарастырылған соманың қысқартылу нәтижесінде барлығы 2 664 335,0 мың теңге (2023ж. 876 044,0 мың теңге; 2024ж. 1 788 291,0 мың теңге) тиімсіз жоспарланған.

Аудитпен қамтылған 2023-2024 жылдар аралығында инфрақұрылымды дамытуға бюджеттен жоспарланған қаржылар жоспарға сәйкес жұмсалғанымен,

бірақ жалпы бюджет қаржылары тиімсіз жұмсалған деп қорытындылауға болады. Атап айтқанда, жылдар бөлінісінде аталған бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған қаржылар енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда толық игерілгенімен, алайда құрылыс нысандарының құрылыс жүргізу мерзімдері сараптамаға сәйкес 4 айдан бастап 5 жыл аралығында аяқталып пайдалануға қабылданған фактілер бар. Сондай-ақ, бастапқы сараптамада қарастырылған құнынан құрылыс бағасы-құнының артуы салдарынан қосымша бюджет қаржысының жұмсалуына әкеп соқтырған, мысал ретінде:

1. «Шымкент қаласының әкімшілік-іскерлік орталығының солтүстік бөлігіндегі тұрғын үйлердің құрылыс салуы. Жер учаскесінің жалпы алаңы 21,5 га (*жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және канализация, телефонизация, бас жоспар, абаттандыру*)» нысаны бойынша сараптамаға сәйкес құрылыс жүргізу мерзімі 4 ай белгіленген болса, яғни құрылыс жұмыстары 2018 жылы қаңтар айында басталып 2023 жылы шілде айында 5 жылдан кейін пайдалануға қабылданған, сонымен бірге бастапқы құны 465 835,2 мың теңге қарастырылған болса, жобалау-сметалық құжаттамаға түзетулер енгізіліп 1 222 938,1 мың теңгеге дейін ұлғайтылған, яғни 757 102,9 мың теңгеге 5 жыл ішінде бастапқы құнынан құрылыс бағасы-құнының артуына әкеп соққан;

2. «Тұран шағын ауданындағы 25 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелерінің құрылысы» нысаны бойынша сараптамаға сәйкес құрылыс жүргізу мерзімі 8 ай белгіленген болса, яғни құрылыс жұмыстары 2020 жылы мамыр айында басталып 2024 жылы желтоқсан айында 4 жылдан кейін пайдалануға қабылданған, сонымен бірге бастапқы құны 399 322,1 мың теңге қарастырылған болса, жобалау-сметалық құжаттамаға түзетулер енгізіліп 506 181,1 мың теңгеге дейін ұлғайтылған, яғни 106 859,0 мың теңгеге 4 жыл ішінде бастапқы құнынан құрылыс бағасының құны артқан;

3. «Тұран шағын ауданындағы 29 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелерінің құрылысы» нысаны бойынша сараптамаға сәйкес құрылыс жүргізу мерзімі 7 ай белгіленген болса, яғни құрылыс жұмыстары 2020 жылы шілде айында басталып 2024 жылы шілде айында 4 жылдан кейін пайдалануға қабылданған, сонымен бірге бастапқы құны 495 662,9 мың теңге қарастырылған болса, жобалау-сметалық құжаттамаға түзетулер енгізіліп 1 461 990,0 мың теңгеге дейін ұлғайтылған, яғни 966 327,1 мың теңгеге 4 жыл ішінде бастапқы құнынан құрылыс бағасының құны артқан.

Жалпы, 2020 жылдан бастап 2023 жыл аралығында бастапқы сараптамадағы құнынан жоғарыдағы мысалы ретіндегі 3 құрылыс нысаны бойынша жобалау-сметалық құжаттамаға түзетулер енгізу, құрылыс түрлерін алып тастау және қосу салдарынан бастапқы қарастырылған 1 360,8 млн. теңге қаржылардан 3 191,1 млн.теңгеге немесе 234,5% өскен, өз кезегінде ұлғайған айырмасы 1 830,3 млн. теңгені құраған, яғни құрылыс нысаны сметалық құнының қымбаттауына алып келген, бюджет қаржысының сараптамада қарастырылған бастапқыдан көп жұмсалу тиімсіздігіне әсерін тигізген.

Аудитпен қамтылған 2023-2024 жылдары 19 нысанның құрылысы жоспарланған болса, оның 13 нысаны пайдалануға қабылданған, нысандарға сараптамадағы бастапқы қарастырылған бюджет қаржысынан құрылыс жүргізу мерзімі созбалану мен құрылыс бағасы-құнының артуы салдарынан қосымша бюджет қаржысын жұмсау арқылы түпкілікті нәтижеге қол жеткізілген.

Аудит барысында 2023-2024 қаржы жылдарына жоспарланған бюджет қаржысы бюджеттік бағдарлама аясында игерілгенімен, бірақ қаржы жылдары соңында игерілмеу қауіпі бар нысандардың қаржыларын мәслихат шешімдерімен және қала әкімдігінің қаулыларымен қысқартылып, жоспарланған қаржылар толық игерілген.

Жалпы, анықталған қаржылық және рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар қолданыстағы бюджеттік, құрылыс және басқада заңнамалардың талаптарын басшылыққа алмағандығынан орын алған.

Басқарманың алдына қойылған міндеттер мен функцияларды әзірлеу, үйлестіру және іске асыру процесінде жауаптылықтың жеткіліксіз дәрежеде екенін көрсетті.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау

Құрылыс жұмыстарының көлемі 310 897,3 млн. теңгені немесе 2023 жылға 114% құраған. Республикада бұл көрсеткіш 8 882,4 млрд. теңгені құраған. Республика бойынша қаланың құрылыс жұмыстарының үлесі 3,5% құраған. Құрылыс жұмыстарының артуы инженерлік инфрақұрылым, жолдарды қайта құру, тұрғын үйлердің құрылыстары есебінен орын алған.

Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 12,7%-ға, күрделі жөндеу бойынша жұмыстар 39,9%-ға, ағымдағы жөндеу жұмыстар 13,1%-ға артқан.

Тұрғын үй құрылысына бағытталған инвестиция 11,1% артып, 339 473,9 млн.теңгені құраған. Жылдың қорытындысымен 1366,8 мың ш.м. тұрғын үй пайдалануға беріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңіне 126,1% құрады. Оның ішінде, бюджет есебінен – 161,9 мың ш.м.; жеке салушылар – 657,2 мың ш.м.; жеке тұрғын үй (халықпен) есебінен – 547,7 мың ш.м.

Басқарманың мәліметіне сәйкес 2024 жылы 154 нысанның құрылысы жүргізіліп, оның ішінде 97 нысанның құрылысы жыл соңына дейін тапсырылып, қалған 57 нысанның құрылысы 2025 жылға өтпелі болған. Атап айтқанда:

2024 жылы 92 көпқабатты тұрғын үйдің (4,830 пәтер, 379,2 мың шаршы метр) құрылысы жүргізіліп, 2024 жылдың қорытындысымен 55 көпқабатты тұрғын үй (2 094 пәтер, 161,9 мың шаршы метр). Ал, қалған 217,2 мың шаршы метрді құрайтын 2736 пәтерлі 37 тұрғын үйдің (Тұран ш/а-16, Ақжайық ш/а-5 үй, Бозарық ш/а-16 үй) құрылысы 2025 жылға өтпелі болған.

Бұдан бөлек, Шымкент қаласындағы жастарға және халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған 1514 пәтер сатып алынған, оның ішінде жұмыс жасайтын жастарға 454, халықтың әлеуметтік осал топтарына 1060 пәтер.

Инженерлік инфрақұрылым құрылысы 2024 жылы қала аумағында 13 инженерлік инфрақұрылым нысанның құрылысы жүргізіліп, оның 6 нысаны 2024 жылдың қорытындысымен пайдалануға тапсырылған.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

Аудит барысында келісім шарттар бойынша мердігерлер тарапынан көрсетілген қызметтерді мерзімінен кешіктіргені үшін ұсталынбаған тұрақсыздық айыппұлдар барлығы 3 170,9 мың теңге бюджетке өтелді (09.10.2025ж. №1089 төлем тапсырмамен 1 950,0 мың теңге; 09.10.2025ж. №0000000361 төлем тапсырмамен 1 220,9 мың теңге).

Сондай-ақ, Басқарма тарапынан 2025 жылғы 21 қарашадағы №19-05-05/2660 және №19-05-05/2675 санды шығыс хаттармен аудиторлық есептегі 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-тармақтардағы анықталған бұзушылықтар сомасы барлығы 485 067,1 мың теңгенің ішінен жалпы сомасы 308 530,8 мың теңгеге жұмыстардың орындалғандығы атап көрсетілген (басқармада 20.11.2025ж. №11 хаттама түзілген). Ал, қалған орындалуға жататын жалпы сомасы 176 537,0 мың теңгеге жұмыстарды орындауды ауа-райының қолайсыздығы және уақыттың қажеттілігіне байланысты қалпына келтіруге Басқарма жауапкершілігіне алып 2026 жылдың 1 сәуірге дейін мерзім сұраған. Сонымен бірге, аудиторлық есептегі 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-тармақтардағы орын алған бұзушылықтар бойынша жауапты мамандармен жүргізілген түсіндірме жұмыстары және міндеттемелерді жүктеу бойынша 07.11.2025ж. №10 хаттама түзілген, ал жіберілген кемшіліктерге жол бергені үшін басқарма басшысының орынбасары Е.Ажибаевқа (10.11.2025ж. №162 бұйрық) және тұрғын үй құрылысы бөлімінің бас маманы Ш.Жиенбековке (10.11.2025ж. №163 бұйрық) «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылғаны туралы Басқарма тарапынан хатпен хабарланды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Басқарманың бухгалтерлік есеп «1С бухгалтерия» бағдарламасында «Аяқталмаған құрылыс» 2411 шотына 15 532 077,0 мың теңгені құрайтын пайдалануға қабылданған 13 нысанды құрылысы аяқталып іске қосылған негізгі нысандар ретінде тіркелген, «Негізгі құралдар» 2300 шотына тіркелмеген, теңгерімге алынбаған, жауапты мекеменің теңгеріміне өткізілмеген. Бұл ретте, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Қазақстан Республикасының Заңының 17-бабы 3-тармағының және 199-бабының, сондай-ақ «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығының 90-11-тармағының, 236-тармағының, 237-тармағының, 240-тармағының, 243-тармағының, 248-тармағының, 250-тармағының, 275-тармағының, 280-тармағының, «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығының 3-тармағының, 7-тармағының және

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Қазақстан Республикасы Кодексінің 238-бабының 1-тармағының талаптары сақталмаған, нәтижесінде әкімшілік жауапкершілікке тарту қарастырылған, тиісті материалдар уәкілетті органға әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану үшін жолданады.

Келісім шарттардың талаптарына сәйкес жұмыстарды мерзімінен кешіктіргені үшін 3 170,9 мың теңгені құрайтын тұрақсыздық айыппұл ұсталынбаған, аудит барысында аталған көлемдегі айыппұл бюджетке өтелді. Сондай-ақ, Басқарма тарапынан 2023 жылы кешіккен күндері үшін салынған барлығы 26 017,9 мың теңге айыппұл мердігер «Build Stroi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі банкрот деп танылуына байланысты өндірілмеген, яғни бюджетке түспей қалған жоғалған қаржыға жатады.

Сарапшы маманмен 2023-2024 жылдары пайдалануға қабылданған 13 нысанға жүргізілген инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдардың жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес қабылдану заңдылығы мен нормаларға, талаптарға сәйкестігіне жасалған сараптамалық қорытындысымен орындалмаған жұмыстар барлығы 485 067,1 мың теңгені құрайтын бұзушылықтар анықталды. Сондай-ақ, Басқарма тарапынан 2025 жылғы 21 қарашадағы №19-05-05/2660 және №19-05-05/2675 санды шығыс хаттармен аудиторлық есептегі 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-тармақтардағы анықталған бұзушылықтар сомасы барлығы 485 067,1 мың теңгенің ішінен жалпы сомасы 308 530,8 мың теңгеге жұмыстардың орындалуына байланысты аудиторлық іс-шара нәтижесінің аудиторлық қорытындысын қарау барысында осы тармақтардағы жұмыстардың қалпына келтірілгенін (*басқармада 20.11.2025ж. №11 хаттама түзілген*), ал қалған орындалмаған жалпы сомасы 176 537,0 мың теңгеге жұмыстарды орындауды ауа-райының қолайсыздығы және уақыттың қажеттілігіне байланысты қалпына келтіруге Басқарма жауапкершілікке алып 2026 жылдың 1 сәуірге дейін мерзім сұраған.

Сонымен бірге, 2025 жылғы 23 қазандағы аудиторлық есептегі 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-тармақтардағы жұмыстардың бірқатары ішінара қалпына келтіріліп, нәтижесінде орын алған бұзушылықтар бойынша жауапты мамандармен жүргізілген түсіндірме жұмыстары және міндеттемелерді жүктеу бойынша 07.11.2025ж. №10 хаттама түзілген. Ал, жіберілген кемшіліктерге жол бергені үшін басқарма басшысының орынбасары Е.Ажибаевқа 10.11.2025ж. №162 бұйрық) және тұрғын үй құрылысы бөлімінің бас маманы Ш.Жиенбековке (10.11.2025ж. №163 бұйрық) «сәгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылғаны туралы Басқарма тарапынан хатпен хабарланды.

2023 жылы Басқарма тарапынан «Build Stroi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне «Тұран шағын ауданындағы 25 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелері» нысаны бойынша 93 149,7 мың теңге және «Тұран шағын ауданындағы 26 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелерінің құрылысы (құрылысын аяқтау)» нысаны бойынша 171 679,6 мың теңге аванс есебінен алдын ала төлем жасалып, барлығы 264 829,3 мың теңгеге жұмыстардың орындалмау себебінен дебиторлық берешек қалыптасқан.

Нәтижесінде «Build Stroi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сот шешімімен банкрот деп танылуына байланысты, аталған екі құрылыс нысандарын аяқтау мақсатында «Арыс құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Монолит-Дизайн-2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қаржы мәслихат шешімімен бюджеттен осы сомаға қайта қаралған, яғни тиімсіз пайдаланылған. Ал, барлығы 31 776,6 мың теңге 2025 жылғы қаржы жылына қойылған қаржылар есебінен жабылған. Басқарма тарапынан алдын ала төлем жасауға жол беріліп дебиторлық берешектердің қалыптасуына мамандар өз міндеттеріне жауапкершілік танытпаған.

Аудитпен қамтылған 373 017 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджеттік өтінімдер сапалы жасалмау салдарынан жалпы бюджетті нақтылау барысында бастапқыда қарастырылған соманың қысқартылу нәтижесінде (2023ж. 876 044,0 мың теңге; 2024ж. 1 788 291,0 мың теңге) 2 664 335,0 мың теңге тиімсіз жоспарланған. Аудитпен қамтылған 2023-2024 жылдар аралығында инфрақұрылымды дамытуға бюджеттен жоспарланған қаржылар жоспарға сәйкес жұмсалғанымен, бірақ жалпы бюджет қаржылары тиімсіз жұмсалған деп қорытындылауға болады. Атап айтқанда, жылдар бөлінісінде аталған бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған қаржылар енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда толық игерілгенімен, алайда құрылыс нысандарының құрылыс жүргізу мерзімдері сараптамаға сәйкес 4 айдан бастап 5 жыл аралығында аяқталып пайдалануға қабылданған фактілер бар. Сондай-ақ, бастапқы сараптамада қарастырылған құнынан құрылыс бағасы-құнының артуы салдарынан қосымша бюджет қаржысының жұмсалыуына әкеп соқтырған.

Жалпы, 2020 жылдан бастап 2023 жыл аралығында бастапқы сараптамадағы құнынан мысалы ретінде 3 құрылыс нысаны бойынша (*Шымкент қаласының әкімшілік-іскерлік орталығының солтүстік бөлігіндегі тұрғын үйлердің құрылыс салуы. Жер учаскесінің жалпы алаңы 21,5 га (жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және канализация, телефонизация, бас жоспар, абаттандыру)*); «Тұран шағын ауданындағы 25 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелерінің құрылысы»; «Тұран шағын ауданындағы 29 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелерінің құрылысы») жобалау-металық құжаттамаға түзетулер енгізу, құрылыс түрлерін алып тастау және қосу салдарынан бастапқы қарастырылған 1 360,8 млн. тенге қаржылардан 3 191,1 млн.тенгеге немесе 234,5% өскен, өз кезегінде ұлғайған айырмасы 1 830,3 млн. теңгені құраған, яғни құрылыс нысаны металық құнының қымбаттауына алып келген, бюджет қаржысының сараптамада қарастырылған бастапқыдан көп жұмсалыу тиімсіздігіне әсерін тигізген.

Аудитпен қамтылған 2023-2024 жылдары 19 нысанның құрылысы жоспарланған болса, оның 13 нысаны пайдалануға қабылданған, нысандарға сараптамадағы бастапқы қарастырылған бюджет қаржысынан құрылыс жүргізу мерзімі созбалану мен құрылыс бағасы-құнының артуы салдарынан қосымша бюджет қаржысын жұмсау арқылы түпкілікті нәтижеге қол жеткізілген.

Аудит барысында 2023-2024 қаржы жылдарына жоспарланған бюджет қаржысы бюджеттік бағдарлама аясында игерілгенімен, бірақ қаржы жылдары соңында игерілмеу қауіпі бар нысандардың қаржыларын мәслихат шешімдерімен және қала әкімдігінің қаулыларымен қысқартылып, жоспарланған қаржылар толық игерілген.

Жалпы кемшіліктер мен бұзушылықтардың орын алу негізгі себептері, аудит объектісі Басқарма тарапынан қолданыстағы бюджеттік, бухгалтерлік есеп, құрылыс және басқада заңнамалардың талаптарын сақталмау салдарынан бюджет қаржыларын тиімсіз жоспарлау мен пайдалану орын алған.

Сонымен қатар, Басқарма алдына қойылған міндеттер мен функцияларды әзірлеу, үйлестіру және іске асыру процесінде жауаптылықтың тиісті деңгейде атқарылмауын көрсетті.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.

1. «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасының нәтижесі бойынша тексеру комиссиясының отырысында аудиторлық қорытындыны бекітуді ұсынамын.

2. Жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, Басқармаға бюджет қаражатының пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде екендігі атап көрсетілсін.

3. Материалдар уәкілетті органға әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану үшін жолдансын.

4. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына қолданыстағы бюджеттік, бухгалтерлік есеп, құрылыс саласындағы және басқада заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, алдағы уақытта бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлау мен пайдалану және орын алған бұзушылықтарды қалпына келтіру бойынша Тексеру комиссиясының Нұсқамасы ұсынылсын:

1. «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) Аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша Басқарманың осы салаға жауапты қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде жиналыс отырысында тиісті тапсырмалар берілсін;

2) Бюджет қаржыларын жоспарлау және пайдалану кезінде тиімділік және нәтижелілік қағидаттарын сақтау мақсатында, әрі бюджеттік өтінімдердің сапалы әзірленуін қамтамасыз ету үшін бюджеттік заңнама, бухгалтерлік есеп талаптарын түсіндіру жұмыстары жүргізілсін, келісім шарттардың талаптары мен міндеттемелерін уактылы орындауына, дебиторлық берешектердің қалыптасуына, бюджет қаржысының алдағы уақытта тиімсіз жоспарлануы мен пайдалануына жол бермеу жөнінде тиісті шаралар қабылдансын;

3) Жалпы сомасы 15 532 077,0 мың теңгені құрайтын пайдалануға қабылданған 13 нысандарды бухгалтерлік есепке алып қалпына келтірілсін, іске қосылған негізгі нысандар ретінде жауапты мекеменің теңгеріміне өткізу бойынша тиісті құжаттарды рәсімдеу шаралары атқарылсын;

3) Жалпы сомасы 15 532 077,0 мың теңгені құрайтын пайдалануға қабылданған 13 нысандарды бухгалтерлік есепке алып қалпына келтірілсін, іске қосылған негізгі нысандар ретінде жауапты мекеменің теңгеріміне өткізу бойынша тиісті құжаттарды рәсімдеу шаралары атқарылсын;


4) Сарапшы маманның сараптамалық қорытындысымен анықталған жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келмейтін барлығы 485 067,1 мың теңгені құрайтын, оның ішінде орындалуға жататын 176 537,0 мың теңгеге жұмыстар қалпына келтірілсін. Осы орындалуға жататын 176 537,0 мың теңгенің жұмыстары бойынша қалпына келтірілгені туралы айсайын 10.01.2026ж., 10.02.2026ж., 10.03.2026ж. аралық ақпарат, қорытынды ақпарат 10.04.2026ж. ұсынылсын;

5) Аудит барысында орын алған бюджетті жоспарлау мен пайдалану, бухгалтерлік есеп және келісім шарттардың талаптарының сақталмауы бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаларының тәртіптік жауапкершіліктері қаралсын;

6) Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметті 2026 жылғы **10 сәуірге** дейін, Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жиынтық тізілімі, жүйелі кемшіліктердің жиынтық кестесі, мемлекеттік аудит объектісінің қалпына келтірген жұмыстар жөніндегі хаттары мен ақпараттары, қолданылған тәртіптік жаза бойынша бұйрықтар мен хаттаманың көшірмелері, мердігерлердің хаттары 63 парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі


А. Балықбаев

Мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудитор


Г. Елшибаев

Жоспарлау, талдау, есептілік және
сапаны бақылау бөлімі басшысының
міндетін атқарушы


Д. Тастанов

Әкімшілік-заң және персоналды
басқару бөлімінің бас
инспектор-заң кеңесшісі


Е. Асқаров

Мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспекторы-мемлекеттік аудитор


Н. Джакипов